



Әл - Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы
5B010300 Педагогика және психология мамандығы

Психологиядағы ғылыми диссертациялар



Орындаған: Пип 4 курс Карабаева Ч
Тексерген: Мынбаева А.К

Тәжібаев Талғат Бекжүрсінұлы

Мағына құрылудың жалпы қоры- тұлға құрылымының негізі
(психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін
дайындалған диссертация)



Алматы 2006

Жоспары

- *Жұмыстың жалпы сипаттамасы*
- *Зерттеу объектісі, пәні, мақсаты, міндеті, ақпараттық базасы, құрылымы мен көлемі, зерттеу қорытындылары*
- *Эксперимент жүргізуде қолданылған әдістер*
- *Эксперимент нәтижесі*




Жұмыстың жалпы сипаттамасы


Диссертациялық жұмыс бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі даму сатыларындағы тұлғаның мағыналы құрылымының дамуы мен қалыптасуының психологиялық механизмдерін зерттеу мәселелеріне арналған. Зерттеу жұмыстарында тұлғаның мағыналы құрылымын құрайтын оның жүйе құрушы белгілері бөлініп шығарылып, мағына тудырушы психологиялық механизм болып табылатын санасыз құндылық ұғымы теориялық тұрғыдан нақтыланып, эксперименттік түрде ашып көрсетіледі. Сонымен қатар диссертациялық жұмыста тұлғаның мағыналы құрылымын зерттеудің әдістемелік негізінің үлгісі ұсынылады.



- **Зерттеудің объектісі.** Жоғары әскери оқу орындары курсанттарының тұлғалық мағыналы құрылымының бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі сатыларындағы дамуы мен қалыптасуы
- **Зерттеудің пәні:** бірлескен іс-әрекеттегі тұлғаның мағыналы құрылымын зерттеу.
- **Зерттеудің мақсаты.** Зерттеудің мақсаты лабораториялық эксперимент жағдайындағы екі сыналушының жалған бірлескен іс-әрекеттен бірлескен іс-әрекетке , одан дамыған бірлескен іс-әрекетке өту үстіндегі мағыналы құрылымын зерттеу болып табылады. Зерттеудің мынандай нақты **міндеттерін** шешу жолымен ғана бұл мақсатқа қол жеткізуге болады:
 - Мағына құрылуды және онымен байланысты психикалық құбылыстарды қарастырған зерттеулерге теориялық талдаулар жасау
 - Бірлескен іс-әрекет дамуының тым қарапайым сатысын білдіретін жалған бірлескен іс-әрекеттегі тұлғаның мағыналы құрылымдарының даму деңгейлерін анықтау.
 - Жалған бірлескен іс-әрекеттен бірлескен іс-әрекетке және одан дамыған бірлескен іс-әрекетке өту үстіндегі тұлғаның мағыналы құрылымдарының дамуы мен өзгеруін зерттеу.
 - Жалған бірлескен іс-әрекеттен бірлескен іс-әрекетке және одан дамыған бірлескен іс-әрекет сатысына өту үстіндегі тұлғаның мағыналы құрылымының өзгеруі мен дамуына салыстырмалы талдаулар жасау.




- Зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігі.
- Алынған нәтижелердің дәлдігі талдаудың екі деңгейінде қамтамасыз етілді:



Сонымен қатар лабораториялық эксперимент жағдайындағы бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі даму сатыларына негізделіп құрылған көрнекі – бейнелі және көрнекі-әрекеттік типтегі тапсырмаларды бірлесіп шешу үстінде сыналушылардан алынған нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігі **қатар тестілеу әдісінің** көмегімен тексерілді. Сондай-ақ, бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі даму сатыларындағы тұлғаның мағыналы құрылымын зерттеудің нәтижелеріне статистикалық және факторлық талдаулар жасалынып, олардың графикалық бейнелерін сызу үшін “MATLAB” бағдарламасы қолданылды. Факторлар салмағының корреляциялық коэффициенті есептелінді. Бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі даму сатыларындағы тұлғаның мағыналы құрылымының даму ерекшеліктерінің дәлдігі Стьюденттің t -критерийі бойынша анықталды.

- Зерттеудің ақпараттық базасына жоғары әскери оқу орындарының 18-20 жас аралығындағы ер адамдары алынды. Эксперименттік зерттеуге қатысқан сыналушыларды 2 топқа бөлді. Бірінші топқа 30 қатысушы, ал екінші топқа 51 жұптан тұратын 102 сыналушы қатысты.
- Зерттеудің қорытындылары ҚР ҰҚК Академиясының және ҚР ҰҚК Әскери институтының ғылыми-практикалық және ғылыми-теориялық конференцияларында, Қазақтың ұлы жазушысы, академик М.О. Әуезовтың туғанына 150 жыл толуына арналған этнопсихология мен этнопедагогиканың еларалық ғылыми-теориялық конференцияларында баяндама түрінде оқылды. Сондай-ақ зерттеу жұмысының қорытындысы ҚР ҰҚК Академиясы психология кафедрасының мәжілісінде талқыланды. Диссертация тақырыбы бойынша 8 мақала жарияланды.
- Диссертация көлемі мен құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, екі тараудан, он бір кестеден, алты суреттен, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Жұмыстың көлемі- 170 бет, пайдаланылған әдебиеттер тізімі- 154.



Зерттеудің әдістері мен әдіс-тәсілдері және оларды жүргізудің жолдары

Автордың тұжырымдамасы бойынша тұлғаның мағыналы құрылымы бірлескен іс-әрекетте туындап, бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі даму сатыларында өзгертін күрделі психологиялық құрылым болғандықтан, оны тек адамдардың шынайы бірлескен іс-әрекетінде ғана зерттеуді қажет етеді. Бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі даму сатыларындағы тұлғаның мағыналы құрылымын талдаудың нәтижелері, оның қарапайым нысанын жасанды лабораториялық эксперимент жағдайында үлгілеуге болатын тұлғаның мағыналы құрылымын зерттеудің әдістемелік негізі мен оларды жүргізудің жолдарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

- **Зерттеу әдістері**

- *Ақпараттық әдістер*

- *Қатынасты зерттейтін әдістер*

- *Құндылықтарды зерттейтін әдістер*

- *Мағынаны зерттейтін әдістер*

Зерттеудің әдісі

- Тұлғаның бейім-бағдар мен қатынастың бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі даму сатыларындағы өзгеруін анықтау үшін А.А.Бодалевтің адамды адамның қабылдауындағы бейім- бағдардың қабылдауға тигізетін әсерін зерттеуде қолданған әдісі пайдаланылды. **“Қатынасты бағалау тестісі”** тұлғаның басқаларға, өзіне, іске, заттарға деген жағымды, жағымсыз қатынастарын сипаттайтын қарама-қарсы пікірден және олардың әрқайсысын бағалауға мүмкіндік беретін бағалау индекстерінен (3 2 1 0 1 2 3) тұрады. Қатынасты бағалау тестісі бір адамның екінші адамға деген қатынасын 4 түрлі қатынастың (4 шкала) негізінде өлшейді.

- **Басқаларға қатынасы.** Бұл шкаладағы ұпайлар адамның басқаларға қатынасының қандай екенін көрсетеді. Осы шкаладағы төменгі ұпайлар адамның басқаларға деген кекшілдігі, қиянатшылдығы, әдепсіздігі, т.б жағымсыз қатынастарын сипаттаса, жоғары ұпайлар керісінше, адамның басқаларға деген жағымды қатынасын сипаттайды.
- **Өзіне қатынасы.** Бұл шкаладағы ұпайлар адамның өзіне деген қатынасының қаншалықты дәрежеде екендігін білдіреді. Осы шкаладағы төменгі ұпайлар адамның өзіне көңілі толмайтындығын, өз орнын дұрыс бағалай алмайтындығын, өзіне сын көзбен қарамайтындығын сипаттайды. Ал жоғары ұпай керісінше адамның өзіне деген жағымды қатынасын білдіреді.
- **Іске деген қатынасы.** Бұл шкаладағы ұпайлар адамның іске деген қатынасының қандай екенін білдіреді. Жоғары ұпай көрсеткіштері адамның іске деген жауапкершілігін, бастаған істі аяғына дейін атқаратындығын, ойлап істейтіндігін және т.с.с жағымды қатынастарды сипаттаса, төменгі ұпайлар керісінше адамның іске деген жауапкершілігінің жоқтығын, істі аяғына дейін атқармайтындығын, ойламай істейтіндігін білдіреді.
- **Заттарға қатынасы .** Осы шкаладағы жоғары ұпайлар адамның затқа ұқыптылықпен қарайтындығын, икемділігін, жинақылығын және т.б жағымды қатынастарын білдірсе, төменгі ұпайлар керісінше адамның заттарға ұқыпсыздығын, икемсіздігін, сақтықпен қарамайтындығын, сараңдығын білдіреді.

Ақпараттық әдістер

- Тұлғаның қоршаған дүниеге деген мағыналы қатынасы мен мағыналы байланысын зерттейтін әдістер мен психодиагностикалық құралдардың басым көпшілігі психолингвистикалық бағытта қалыптасты. Осындай бағытта құрылған тұлғаның мағыналы құрылымдарын зерттейтін әдістердің жүйесіне К.Г.Юнг ұсынған “Ассоциативті эксперимент” әдісін, Миллер дайындаған “Жіктеу (іріктеу)” әдісін, Р. Вудбортс, Г.Шлосбергтің классикалық психофизикадан ауыстырған “Субъективті шкалалау” әдісін, Ч.Осгудтың “Семантикалық дифференциал” әдісін және т.б жатқызуға болады..

Артықшылығы

Бұл әдістердің көмегімен мәннің жеке жағдайын, адамның әр түрлі ұғымдарға деген субъективті қатынасын бағалауға болады. Олар тек тұлғадағы білімнің ақпараттық жағын өлшеуге мүмкіндік береді. Сондықтан автор мұндай әдістерді ақпараттық әдістер деп атайды. Ақпараттық әдістер арқылы тұлғаның объективті шындыққа субъективті қатынасын бағалауға және сондай-ақ тұлғаның мағыналы құрылымдарының даму деңгейлерін өлшеп диагностикалауға болады.

Кемшілігі

Бірақ бұл әдістер адамдағы мағынаның туындауы мен пайда болуын, тұлғаның мағыналы құрылымдарының қалыптасу заңдылықтары мен оны туғызатын психологиялық механизмдерді толық ашып көрсете алмайды.


- Тұлғаның мағыналы құрылымын диагностикалайтын құралдарға Д.Крамбо, Л.Махолика жасаған “Өмірдің мақсаты” әдісі, мен осы әдістің орысша нұсқасын бейімдеген Д.А.Леонтьевтің “Мағыналар шегі”, **“Өмірлік мағыналар бағдары тестісі”** (В.Франклдың логотерапиясы мен мағынаға ұмтылу теориясына негіздеген) әдісін жатқызуға болады.



• Д.А.Леонтьевтің “Өмірлік мағыналар тестісі” тұлғаның өмірлік мағыналарының бағдарын 5 субшкаланың негізінде өлшейді. Олар

1. өмірдегі мақсат
2. Өмір барысы немесе өмірлік қызығушылықтар мен эмоцияға толылығы
3. өмірдің нәтижелілігі не өзін-өзі жүзеге асыруға қанағаттанушылық
4. Мен- локусын бақылау (мен –өмірдің қожасымын)
5. Өмір локусын бақылау немесе өмірді басқарушылық

Әр шкала бойынша жеке сыналушылардың ұнай көрсеткіштері қосымшада берілген кілтімен есептеледі және салыстырылады.



Қатынасты зерттейтін әдістер

- Тұлғаның қоршаған дүниеге, өзіне және басқаларға деген қатынасын зерттеудің әдістерін дайындау мәселесі топтағы тұлғалар арасындағы қатынасты өлшеу үшін әлеуметтік психологияда жақсы жолға қойылған.
- Қазіргі кезде тұлғалар арасындағы қатынасты әр түрлі психодиагностикалық құралдармен, атап айтқанда, Дж. Мореноның дәстүрлі әлеуметті өлшеу әдісімен, сондай-ақ Ч. Осгудтың семантикалық дифференциал әдісімен, тікелей сұрау, еркін сипаттау, тұлғаны топтық бағалау, сондай-ақ соңғы кездері пайда болған тұлғалық дифференциал және осыған ұқсас суреттік, проективтік және т.б. әдістермен өлшейді. Бірақ осы әдістердің негізінде алынған тұлғалар арасындағы қатынастың нәтижелерін психологиялық талдауға келгенде көптеген психологтар оның мағыналық сипатын ашып көрсетуге аса назар аудармайды.


В.Н.Мясищев өз еңбегінде тұлға қатынасының құрылымынан оның негізгі жақтарын бөліп шығарды.

- **Когнитивті немесе танымдық**
- **Бағалаушылық**
- **Эмоциялық**

- *Тұлғалар арасындағы қатынасқа әсерін тигізетін сапалар мен қасиеттерді диагностикалайтын әдістердің жүйесіне **Т.Лиридің тұлғалар арасындағы қатынас әдісін, В.В.Столиннің өзіне қатынасын анықтайтын сауалнаматестісін** адамның әр түрлі аурулар мен ауру адамның ұзақ уақытқа созылатын соматикалық ауруларға қатынасының типтерін анықтайтын **Бехтерев институтының тұлғаны зерттейтін сауалнамасын және т.б әдістері** жатқызуға болады.*



Т.Лиридің тұлғалар арасындағы қатынасты диагностикалайтын әдісі арқылы адамның басқаларға деген қатынасының типтерін бөліп шығаруға болады. Ол типтерге жатады:



Құндылықтарды зерттейтін әдістер

- Қазіргі кезде тұлғаның құндылықтарын зерттейтін кең тараған психодиагностикалық құралдар қатарына М.Рокичтің “Құнды бағдарлар” әдісін жатқызуға болады. Ол құндылықтарды терминдік және құралдық деп екіге бөледі адамның ең негізгі өмірлік мақсаттары жатса, құралдық құндылықтарға осы мақсаттарға жетуге көмектесетін адам іс-әрекетінің әр түрлі тәсілдері жатады.
- М.Рокичтің құнды бағдарлар әдісінің көмегімен осы айтылған мақсатты құндылықтардың құралдық құндылықтар негізінде жүзеге асатын өмір шеңберлерін анықтауға, адамдағы терминдік және құралдық құндылықтардың иерархиялық жүйесінің қалыптасуы мен оның іс-әрекет барысындағы өзгеруін айқындап, оларға сапалы талдау жасауға болады.
- Сыналушылардың өмірлік құндылықтарының даму деңгейлерін анықтау үшін В.Ф.Сопов, Л.В.Карпушина “Өмірлік құндылықтардың морфологиялық тестісі” қолданылды.

Эксперименттік зерттеу нәтижесі

- Жалған бірлескен іс-әрекеттің нәтижесі түрінде қалыптасатын алғашқы бейім-бағдарлар мен алғашқы қатынастың, сондай-ақ операциялдық құндылықтардың бірлескен іс-әрекетте мақсаттыға, ал дамыған бірлескен іс-әрекетте мағыналы бейім –бағдарлар мен мағыналы қатынасқа және тұлғалық құндылықтарға айналатындығын дәлелдеді. Жалған бірлескен іс-әрекетке байланысты жүргізілген эксперименттік зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тұлғада өмірлік мағыналар бағдарларының дамуы төмен деңгейде болғанда, оның басқаларға деген қатынас типтері өзімшілдік, агрессиялық сипатта болып, тұлғаның рухани-өнегелі құндылықтарына қарағанда өзімшілдік-қадір-қасиеттік құндылықтарының басым болатындығы айқындалды.
- Керісінше, бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі сатыларындағы тұлғаның өмірлік мағыналар бағдарларының дамуы, оның басқаларға деген альтруистік қатынасының дамуы мен рухани-өнегелі құндылықтарының қалыптасуына ерекше әсер ететіндігі анықталды. Мұнда ең негізгі шешуші жағдай бірлескен іс-әрекеттің әр түрлі даму сатыларында құрылатын мағыналарының жалпы қорын оған қатысушылардың әрқайсысының меңгеруі болып табылады.